**2014 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы**

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 14 наурыздағы № 49 қаулысы . Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 2 сәуірде № 4539 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7, 20-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақы нақты орындалған жұмыстар үшін 2014 жылға белгіленген айлық ең төменгі жалақының 1,5 мөлшерінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізілсін.

3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мөлшерде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар төлеміне, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемдеріне, қоғамдық жұмыстар қатысушыларына тиесілі жалақы есептеу және төлеу бойынша екінші деңгейдегі банктер қызметтеріне комиссиялық сыйақылар төлеміне арналған шығындар жергілікті бюджет қаражаты есебінен өтелетіндігі анықталсын.

4. Қоғамдық жұмыстардың ұйымдастырылуы "Қарасу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі және тізбеде белгіленген ұйымдар арасында, қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалған қоғамдық жұмыстарды орындауға арналған шартта көрсетілген жағдайларда жүргізілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімінің орынбасары К. Ғ. Әлімжановқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарасу ауданының әкімінің

міндетін атқарушысы Т. Бекмағанбетов

Әкімдіктің
2014 жылғы 14 наурыздағы
№ 49 қаулысына қосымша

## Ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері

| Ұйымның атауы | Жұмыс түрлері | Жұмыс көлемдері | Еңбегіне төленетін ақының мөлшері | Жұмыстың нақты жағдайлары |
|---|---|---|---|---|
| | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Белорус ауылдық округінің аумағын жинауда және абаттандыруда көмек. | 4576 сағат | | |
| | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Восток ауылдық округінің аумағын жинауда және абаттандыруда көмек. | 5720 сағат | | |
| | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Жалғысқан ауылының аумағын жинауда және абаттандыруда көмек. | 4576 сағат | | |
| | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Жамбыл ауылының аумағын жинауда және абаттандыруда көмек. | 3432 сағат | | |
| | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Ильичев ауылдық округінің аумағын жинауда және | 3432 сағат | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | абаттандыруда көмек. | | | |
| | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Қарамырза ауылдық округінің аумағын жинауда және абаттандыруда көмек. | 4576 сағат | | |
| | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Қарасу ауылының аумағын жинауда және абаттандыруда көмек. | 19920 сағат | | |
| | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Қойбағар ауылының аумағын жинауда және абаттандыруда көмек. | 11440 сағат | | |
| | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Люблин ауылдық округінің аумағын жинауда және абаттандыруда көмек. | 6864 часа | | |
| "Көмек-Қарасу" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Новопавлов ауылының аумағын жинауда және абаттандыруда көмек. | 5720 сағат | Айлық ең төменгі жалақының 1,5 мөлшері | Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке ала отырып, аптасына 40 сағаттан артық емес, екі демалыс күнімен, бір сағаттан кем емес түскі үзіліспен. |
| | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Новоселов ауылдық округінің аумағын жинауда және | 5720 сағат | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | абаттандыруда көмек. | | | |
| | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Павлов ауылының аумағын жинауда және абаттандыруда көмек. | 4576 часов | | |
| | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Черняев ауылдық округінің аумағын жинауда және абаттандыруда көмек. | 4576 сағат | | |
| | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Айдарлы ауылдық округінің аумағын жинауда және абаттандыруда көмек. | 5720 сағат | | |
| | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Железнодорожный ауылдық округінің аумағын жинауда және абаттандыруда көмек. | 6864 часа | | |
| | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Октябрь ауылының аумағын жинауда және абаттандыруда көмек. | 6864 сағат | | |
| | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Ушаков ауылдық округінің аумағын жинауда және | 5720 сағат | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | абаттандыруда көмек. | | | |
| | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Целинный ауылдық округінің аумағын жинауда және абаттандыруда көмек. | 8008 сағат | | |
| | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Шолақашы ауылдық округінің аумағын жинауда және абаттандыруда көмек. | 8008 сағат | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК